

RQ0700 — Дербес зарядтағыш



JOHN DEERE

МЕХАНИК-ЖҮРГІЗУШІНІҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

RQ0700 — Дербес зарядтағыш

OMPF24335 ШЫҒАРЫЛЫМЫ
06NOV25 (KAZAKH)

John Deere Power Systems

Дүниежүзілік шығарылым
PRINTED IN U.S.A.



Кіріспе

Алғы сөз

Машинаны басқаруды және қызмет көрсетуді дұрыс орындау туралы мәліметтерді алу үшін ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ОҚЫҢЫЗ. Әйтпесе бұл жеке жарақатқа немесе жабдықтың зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін. Осы нұсқаулық пен машинаңыздағы ескерту белгілері басқа тілдерде де берілуі мүмкін. Тапсырыс беру үшін www.techpubs.deere.com (Ag&Turf/JDPS), www.johndeereotechinfo.com (C&F) сайтына кіріңіз немесе John Deere дилеріне хабарласыңыз.

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚ МАШИНАҢЫЗДЫҢ ТҰРАҚТЫ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАНУЫ КЕРЕК және сатылғанда бірге берілуі керек.

Осы нұсқаулықтағы ӨЛШЕМДЕР метрикалық және дәстүрлі АҚШ бірлік эквиваленттерінде берілген. Тек дұрыс қосалқы бөлшектер мен дәнекерлерді қолданыңыз. Метрлік және дюймдік дәнекерлер арнайы метрлік немесе дюймдік гайка кілтін қажет етуі мүмкін.

ОҢ ЖАҚ ЖӘНЕ СОЛ ЖАҚ алға қарай қозғалу бағытына бет бұру арқылы анықталады.

"Техникалық сипаттама" немесе "Машинаның нөмірлері" бөлімінде ӨНІМНІҢ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛЫҚ НӨМІРЛЕРІН (PIN) ЖАЗЫҢЫЗ. Машина ұрланған жағдайда іздеп, табуды жеңілдету үшін барлық нөмірлерді мұқият жазып алыңыз. PIN ақпараты бөлшектерге тапсырыс берген кезде қажет болады.

Идентификациялық нөмірлерді машинадан тыс қауіпсіз жерде сақтаңыз.

КЕПІЛДІК жабдықтары осы нұсқаулықта сипатталғандай жұмыс жасататын және қызмет көрсететін John Deere тұтынушыларына қолдау көрсету бағдарламасының бір бөлігі ретінде қамтамасыз етіледі. Кепілдік шарттары сатып алу уақытында сізге берілетін кепілдік сертификатында немесе мәлімдемесінде түсіндіріліп көрсетіледі.

Осы кепілдік сізді John Deere кепілдік мерзімінің ішінде ақаулары анықталған өнімдерді қайтарып алатынына кепілдік береді. Кейбір жағдайларда John Deere сондай-ақ, жиі кездерде тұтынушыдан қосымша төлем талап етпей, тіпті өнімнің кепілдік мерзімі өтіп кеткен жағдайда да алқаптық жақсартуларды қамтамасыз етеді. Егер жабдық дұрыс пайдаланылмаған немесе бастапқы зауыттық сипаттамаларынан өзгертілген болса, онда кепілдік өз күшін жоғалтады және салалық жақсартулар да ұсынылмауы мүмкін. Жанармай жеткізуді сипаттамалардан өзгеше баптау немесе машиналарды басқаша өшіру осындай нәтижеге әкеледі.

Осы машинаның бастапқы иесі болмасаңыз, жергілікті John Deere дилерімен байланысып, машинаның сериялық нөмірін хабарлау сіздің мүддеңізде. Бұл John Deere сізге кез-келген мәселелер немесе өнімді жақсарту туралы хабардар етуге көмектеседі.

DX,IFC1 -KK-03APR09-1/1

John Deere сізге қызмет көрсетуге дайын

Тұтынушының қанағаттануы John Deere компаниясы үшін маңызды.

Дилерлеріміз сізге жедел әрі тиімді түрде бөлшектерді жеткізуге және қызмет көрсетуге ұмтылады:

- Жабдықтарыңызға техникалық қызмет көрсету және жөндеу бөлшектерін жеткізу.
- Жабдықтарыңызға қызмет көрсететін білікті техник мамандар, қажетті диагностикалық және жөндеу құралдары.
- John Deere ауыстырмалы бөлшектер, жөндеу қызметтері және қолжетімді техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу туралы ақпарат. Қосымша ақпаратты осы сайтқа өтіп көре аласыз deere.com or deere.ca.



TS201—UN—15APR13


DX,IFC,JDS -KK-30SEP25-1/1

Тауар таңбалары

Тауар таңбалары	
Deere™	Deere & Company компаниясының сауда белгісі
John Deere™	John Deere - Deere & Company компаниясының сауда белгісі
Service ADVISOR™	Service ADVISOR — Deere & Company компаниясының сауда белгісі
WINDOWS®	WINDOWS — Microsoft Corporation компаниясының сауда белгісі

aytqu2e,1695790123055 -KK-26SEP23-1/1

Нұсқауларды жүктеп алу



Instructions, manuals, and other documents may be downloaded at [www.techpubs.deere.com](https://techpubs.deere.com). Scanning the QR code on a mobile device will route to the site automatically.

Les instructions, les manuels et autres documents peuvent être téléchargés à cette adresse: [www.techpubs.deere.com](https://techpubs.deere.com). Scanner le QR code via un appareil mobile mène automatiquement au site.

Istruzioni, manuali e altri documenti possono essere scaricati su [www.techpubs.deere.com](https://techpubs.deere.com). La scansione del codice QR su un dispositivo portatile indirizza automaticamente al sito.

Anleitungen, Handbücher und andere Dokumente können unter [www.techpubs.deere.com](https://techpubs.deere.com) heruntergeladen werden. Durch Scannen des QR-Codes mit einem Mobilgerät wird man automatisch zur Webseite weitergeleitet.

Las instrucciones, los manuales y otros documentos se pueden descargar en [www.techpubs.deere.com](https://techpubs.deere.com). Al escanear el código QR en un dispositivo móvil, se abrirá automáticamente el sitio web.


Instruções, manuais e outros documentos podem ser baixados em [www.techpubs.deere.com](https://techpubs.deere.com). A leitura do código QR em um dispositivo móvel levará você automaticamente para o site.

Инструкции, руководства и другие документы можно загрузить на странице [www.techpubs.deere.com](https://techpubs.deere.com). Сканирование QR-кода на мобильном устройстве будет автоматически отправлять на сайт.

Қауіпсіздік туралы ақпаратты тану

Бұл - қауіпсіздік ескерту таңбасы. Машинада немесе осы нұсқаулықта осы таңбаны көргенде, болуы ықтимал жеке жарақаттануға абай болыңыз.

Ұсынылған сақтық шараларын және жұмыс қауіпсіз пайдалану әдістерін сақтаңыз.



DX,ALERT -KK-03OCT22-1/1

TS1388 —UN—28JUN13

Сигнал сөздерін түсіну

ҚАУІП; ҚАУІП атты белгі беретін сөз жол берілген жағдайда өлім немесе ауыр жарақатқа әкелетін қауіпті жағдайды білдіреді.

ЕСКЕРТУ; ЕСКЕРТУ атты белгі беретін сөз жол берілген жағдайда өлім немесе ауыр жарақатқа әкелуі ықтимал қауіпті жағдайды білдіреді.

САҚ БОЛЫҢЫЗ; САҚ БОЛЫҢЫЗ атты белгі беретін сөз жол берілген жағдайда азғантай немесе орташа дәрежелі жарақатқа әкелуі ықтимал қауіпті жағдайды білдіреді. Сондай-ақ, САҚ БОЛЫҢЫЗ сигналдық сөзі жеке жарақат алу мүмкін оқиғалармен байланысты қауіпті әрекеттер туралы ескерту үшін пайдалануға болады.

ҚАУІП, ЕСКЕРТУ немесе САҚ БОЛЫҢЫЗ атты белгі беретін сөз қауіпсіздік дабыл белгілерімен бірге пайдаланылады. DANGER (ҚАУІПТІ) аса қауіпті қатерлерді білдіреді. ҚАУІП немесе САҚТАНДЫРУ



ескерту белгілері белгілі бір қауіпті жерлердің жанында орналасады. Жалпы алдын алу шаралары ЕСКЕРТУ қауіпсіздік белгілерінің қатарында тізілген. САҚ БОЛЫҢЫЗ атты белгі беретін сөз, сондай-ақ, осы нұсқаулықтағы қауіпсіздік хабарларына назар аударуды талап етеді.

DX,SIGNAL -KK-05OCT16-1/1

TS187 —KK—03AUG12

Қауіпсіздік нұсқауларын орындау

Осы нұсқаулықтағы және машинаңыздың қауіпсіздік белгілеріндегі барлық қауіпсіздік хабарларын мұқият оқып шығыңыз. Қауіпсіздік белгілерін жақсы күйде сақтаңыз. Жоғалып қалған не зақымдалған қауіпсіздік белгілерін ауыстырыңыз. Жаңа құрылғы құрамдастары мен қосалқы бөлшектерінің қазіргі қауіпсіздік белгілері бар болғанына көз жеткізіңіз. Ауыстырылатын қауіпсіздік белгілерін John Deere дилерінен алуға болады.

Бұл механик-жүргізуші нұсқаулығында қамтылмаған, бірақ жеткізуші берген бөлшектер мен құрамдастар жөніндегі қосымша қауіпсіздік ақпараты болуы мүмкін.

Машинаның қызметі мен басқару элементтерін дұрыс пайдалануды үйреніңіз. Ешбір адамға нұсқаусыз жұмыс істеуге рұқсат етпеңіз.

Машинаңызды дұрыс жұмыс істеу күйінде сақтаңыз. Машинаға өздігіңізден өзгертулер енгізу қызметін



және/немесе қауіпсіздігін нашарлатуы және машинаның қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін.

Осы нұсқаулықтың қандай да бөлігін түсінбесеңіз және көмек қажет болса, John Deere дилеріне хабарласыңыз.

DX,READ -KK-01AUG22-1/1

TS201 —UN—15APR13

Қауіпсіз техникалық қызмет көрсету

Жұмысты орындаудан бұрын қызмет көрсету процедурасын түсініңіз. Аймақты таза және құрғақ ұстаңыз.

Жүріп бара жатқан машинаны майлауға, оған қызмет көрсетуге немесе оны реттеуге болмайды. Қолыңызды, аяғыңызды және киіміңізді механикалық бөліктерге жақындатпаңыз. Қысымды босату үшін бүкіл күшті және жұмысты басқару құралдарын өшіріңіз. Жабдықты жерге түсіріңіз. Моторды өшіріңіз. Кілтті шығарыңыз. Машинаның сууына мүмкіндік беріңіз.

Қызмет көрсету жұмысы үшін көтеру керек барлық машина элементтерін қауіпсіз тіреңіз.

Барлық бөлшектерді жақсы және тиісті түрде орнатылған күйде сақтаңыз. Зақымды бірден түзетіңіз. Тозған немесе бұзылған бөлшектерді ауыстырыңыз. Жиналған жағармайды, майды немесе қоқыстарды тазалаңыз.

Өзі жүретін жабдықта электр жүйелерін баптау немесе машинада пісіру алдында батареяның жерге қосу сымжеліні (-) ажыратыңыз.

Сүйрелетін аспа құралдарда, электр жүйесінің құрамдастарына қызмет көрсету немесе машинада дәнекерлеу алдында трактордан сымдарды ажыратыңыз.

Биік жерде тұрып тазалау немесе жұмыс істеу кезінде құласаңыз, ауыр жарақат алуыңыз мүмкін. Қажетті орынға оңай жету үшін саты немесе платформа



пайдаланыңыз. Берік және қауіпсіз аяқ тіректерін және қол тіректерін пайдаланыңыз.


TS218 —UN—23AUG88

DX,SERV -KK-28FEB17-1/1

Баспалдақтар мен тұтқаларды дұрыс қолдану

Машинаға мінгенде және одан түскенде бетпен төмен құлауға жол бермеңіз. Баспалдақтар, тұтқалар және сүйеніштермен 3 нүктелі байланысты қамтамасыз етіңіз.

Машинаның басқару құралдарын ешқашан сап ретінде пайдаланбаңыз. Баспалдықты таза әрі қоқыс пен майдан таза ұстаңыз. Машинадан шыққанда ешқашан секірмеңіз. Жүріп бара жатқан машинаға ешқашан құралдарды бекітіп не босатпаңыз.




T133468 —UN—15APR13

DX,WW,MOUNT -KK-12OCT11-1/1

Қауіпсіздік белгілерін ауыстыру

Жоғалып қалған не зақымдалған қауіпсіздік белгілерін ауыстырыңыз. Қауіпсіздік белгілердің дұрыс орналасуы үшін, осы механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.

Бұл механик-жүргізуші нұсқаулығында қамтылмаған, бірақ жеткізуші берген бөлшектер мен құрамдастар жөніндегі қосымша қауіпсіздік ақпараты болуы мүмкін.



TS201 —UN—15APR13


DX,SIGNS -KK-18AUG09-1/1

Оқыс жағдайларға дайындалу

Өрт басталған жағдайға дайын болыңыз.

Медициналық дәрі қобдиша мен өртсөндіргішті жақын жерде ұстаңыз.

Дәрігерлердің, жедел жәрдем қызметінің, аурухананың және өрт сөндіру қызметінің нөмірлерін телефоныңызға жақын жерде сақтаңыз.



TS291 —UN—15APR13

DX,FIRE2 -KK-03MAR93-1/1

Зарядтағыштың қауіпсіздік нұсқаулары

Мына нұсқауларды сақтаңыз. Бұл нұсқаулық RQ0700 — Дербес зарядтау құрылғысына арналған. 700 Вт зарядтағышты пайдаланбас бұрын осы ақпаратты толығымен оқып шығыңыз. Техникалық қолдау алу үшін машинаның өндірушісіне немесе дистрибьюторына хабарласыңыз, себебі бұл зарядтағыштың нұсқасы бірегей пайдалану нұсқауларын қажет етуі мүмкін. Қосымша ақпарат үшін www.techpubs.deere.com сайты кіріңіз

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Электр тогының соғу қаупі.

- Зарядтағыштың қуат сымын барлық жергілікті ережелер мен нұсқауларға сәйкес дұрыс орнатылған және жерге тұйықталған айнаымалы ток розеткасына қосыңыз. Электр тогының соғу қаупін азайту үшін жерге тұйықталған айнаымалы ток розеткасы қажет.
- Жерге қосу адаптерлерін пайдаланбаңыз немесе тығынды өзгертпеңіз.
- Шығыс коннекторының оқшауланбаған жерлеріне немесе аккумуляторлық батареяның оқшауланбаған терминалдарына қол тигізбеңіз.
- Аккумуляторлық батареяға қосылымдарды қоспас бұрын немесе үзілгенге дейін айнаымалы ток көзін ажыратыңыз.
- Зарядтау құрылғысын ашпаңыз немесе бөлшектемеңіз.
- Егер айнаымалы ток сымы немесе тұрақты ток шығыс сымы зақымдалған болса немесе зарядтағышы қатты соққыға ұшыраса, құлап кетсе немесе қандай да бір жолмен зақымдалса, бұл зарядтағышты пайдаланбаңыз.
- Барлық жөндеу жұмыстарын өндірушіден немесе білікті қызметкерлерден сұраңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Қадағалаудың болмауы қаупі.

- Бұл зарядтағышы физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдарға (балаларды қоса алғанда), сондай-ақ электр жүйелері мен аккумуляторлық батареяны зарядтау саласында тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға, олардың қауіпсіздігіне

жауапты адамның зарядтағышын пайдалануына қатысты бақылауда болған немесе нұсқау берілген жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған.

- Балалардың зарядтау құрылғысымен ойнамауын қадағалау керек.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Қате пайдалану қаупі.

- Зарядтағышты тек белгілі бір аккумуляторлық батарея түріне және өнімнің сыйымдылығына сәйкес келетін алгоритмге сәйкес пайдаланыңыз. Басқа мақсаттарда пайдалану дене жарақатын алуына және зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Мұздатылған немесе қайта зарядталмайтын аккумуляторлық батареяны ешқашан зарядтамаңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Аккумуляторлық батареяның жарылғыш газдардың пайда болу қаупі.

- Қорғасын-қышқылды аккумуляторлық батареялар қалыпты зарядтау кезінде жарылғыш сутегі газын шығаруы мүмкін. Аккумуляторлық батареяларға ұшқындарды, жалындарды және темекі шөгетін заттарды жақындатпаңыз.
- Зарядтағышты жабық жерде пайдаланбаңыз және желдетуді шектемеңіз.

ЕСКЕРТУ: Егер бұл зарядтағыш литий-ионды аккумуляторлық батареялармен пайдаланылса, біріктірілген аккумуляторлық батареяларды басқару жүйесін (BMS) пайдалану қажет. BMS жүйесі барлық жұмыс режимдерінде аккумуляторлық батарея ұяшықтарының кернеудің, тоқтың, температураның және заряд күйінің сәйкес келмейтін деңгейлерінен қорғалуын қамтамасыз етуі керек.

Аккумуляторлық батарея өндірушілерінің барлық сақтық шараларын сақтаңыз (мысалы, максималды зарядтау жылдамдығы және зарядтау кезінде ұяшық қақпақтарын алып тастау қажеттілігі).

Зарядтағышты қауіпсіз басқару

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Күйіп қалу қаупінің алдын алыңыз. Зарядтау кезінде қызып кетуі мүмкін зарядтағышты қауіпсіз пайдалану үшін қорғаныс қолғаптарын пайдаланыңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Электр тогының соғуынан болатын жарақаттың алдын алыңыз. Зарядтағышты дымқыл қолмен ұстамаңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Электр тогының соғуынан болатын ауыр жарақаттың алдын алыңыз. Әрқашан John Deere ұсынған қуат сымдарын пайдаланыңыз. Әрқашан зарядтағыштың қуат сымдарын аймақтық ережелер мен нұсқауларға сәйкес орнатылған және жерге тұйықталған GFCI (жерге тұйықталу тізбегін үзу құрылғысы) электр розеткасына қосыңыз.

ЕСКЕРТУ: John Deere арнайы ауа өткізбейтін айнымалы ток сымымен жұптастырылған зарядтағышы IP66 стандартына сәйкес келеді, бұл оны шаңға төзімді және қуатты

су ағыстарынан қорғайды. Егер құрылғының тығындалмаған коннекторы бар сым қолданылса, енуден қорғау деңгейі IP20-ға дейін төмендейді, тығын мен коннектор ластанудан қорғалуы керек және түйіспелердің таза және құрғақ екеніне көз жеткізу үшін мезгіл-мезгіл тексеріп отыру керек.

Келесі қарапайым алдын алу шараларын орындау арқылы апаттың орын алу мүмкіндігін төмендетіңіз:

1. Зарядтағыштың айнымалы ток сымының тығынын қабырға розеткасынан ажыратыңыз.
2. Тұрақты токтың қуат коннекторын аккумуляторлық батареядан ажыратыңыз.
3. Зарядтау құрылғысының зақымдалуына жол бермеңіз. Зарядтағышты майға, кірге немесе батпаққа, сондай-ақ мол судың тікелей шашырауына ұшыратпаңыз.
4. Сақтау температурасының ауқымы -40 °C-тан 85 °C-қа дейін (-40 °F-185 °F дейін).
5. Зарядтағышты балға немесе ауыр гиртас сияқты ауыр заттармен ұрудан аулақ болыңыз.


aytqu2e,1680766802470 -KK-06APR23-1/1

Дербес зарядтау құрылғысындағы қауіпсіздік жапсырмасы

Қауіпсіздік жапсырмасы 1

Қауіп: Аккумуляторлық батареяның жарылғыш газдардың пайда болу қаупі. Зарядтау кезінде жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз. Жылу, жалын немесе ұшқын әсерінен аулақ болыңыз.

Абайлаңыз: Тек соңғы өніммен қамтамасыз етілген аккумуляторлық батареяны зарядтаңыз. Аккумуляторлық батареялардың басқа түрі жарылып, дене жарақатын алуына және зақымдалуына әкелуі мүмкін.



**DANGER**

Risk of explosive battery gases. Provide adequate ventilation during charging. Avoid exposure to heat, flames or sparks.

CAUTION : Only charge battery provided with the end product. Other type of batteries may burst causing personal injury and damage.



RG39944—UN—04SEP25

Қауіпсіздік жапсырмасы 1


Келесі бетте жалғасады

aytqu2e,1680349185303 -KK-04SEP25-1/4

Қауіпсіздік жапсырмасы 2

Қауіп: Электр тогының соғу қаупі. Шығыс коннекторының оқшауланбаған жерлеріне немесе аккумуляторлық батареяның оқшауланбаған терминалына қол тигізбеңіз. Тек дұрыс жерге

тұйықталған айнымалы ток розеткасына қосыңыз. Аккумуляторлық батареяға қосылымдарды қоспас бұрын немесе үзілгенге дейін айнымалы ток көзін ажыратыңыз. Әйтпесе, бұл доғаның пайда болуына және өртке әкелуі мүмкін.



DANGER



Risk of electrical Shock. Do not touch uninsulated portions of output connector or uninsulated battery terminal. Connect only to properly grounded AC outlet. Disconnect AC supply before making or breaking connections to the battery. otherwise arcing and burning may result.

Қауіпсіздік жапсырмасы 2


Келесі бетте жалғасады

aytqu2e,1680349185303 -KK-04SEP25-2/4

RG39937 —UN—04SEP25

3-ші қауіпсіздік жапсырмасының орналасқан жері

А—3-ші қауіпсіздік
жапсырмасының
орналасқан жері




RG39943 —UN—04SEP25

3-ші қауіпсіздік жапсырмасының орналасқан жері

Келесі бетте жалғасады

aytqu2e,1680349185303 -KK-04SEP25-3/4

Қауіпсіздік жапсырмасы 3



Қауіпсіздік жапсырмасы

A—Сәйкестік жөніндегі ақпарат
B—ЕО-дағы электрлік және электрондық жабдықтардың қалдықтары (WEEE)
C—Канадалық кедергі келтіретін жабдық стандарттары (ICES)

D—Абайлаңыз

Сәйкестік жөніндегі ақпарат:

- Егер сізге ақпарат немесе көмек қажет болса, жабдық өндірушісіне хабарласыңыз.
- Ішінде пайдаланушыға қызмет көрсетуге жарамды бөлшектер жоқ. Электр тогының соғу қаупін болдырмау үшін қақпақты алып тастамаңыз.
- Литий-ионды аккумуляторлық батарея блогтарын зарядтау кезінде аккумуляторлық батарея блогын қорғау аккумуляторлық батареяны басқару жүйесімен (BMS) қамтамасыз етілуі керек.

Абайлаңыз:

- Беттері ыстық болуы мүмкін — Күйіп қалу қаупінің алдын алу үшін оларға қол тигізбеңіз.
- Тығындалған айнымалы ток тығынын пайдаланбасаңыз, құрылғыны жаңбырдың әсеріне ұшыратпаңыз.

Ескертпе:


- Ұзақ уақыт бойы сақтау кезінде, зарядтау құрылғысы аккумуляторға және қосулы АТ розеткасына жалғанған болса, зарядтау құрылғысы аккумулятордың зарядын сақтайды.

aytqu2e,1680349185303 -KK-04SEP25-4/4

RG39945 —UN—04SEP25

Дербес зарядтау құрылғысындағы сәйкестік жапсырмасы

Дербес зарядтағыштағы сәйкестік жапсырмасында мыналар көрсетілген:




RG39940 —UN—04SEP25

Сәйкестік жапсырмасының орналасуы

A—Сәйкестік жапсырмасының орналасуы

Келесі бетте жалғасады

aytqu2e,1680349894213 -KK-04SEP25-1/2



RG569621 — UN — 17SEP23

Сәйкестік жапсырмасы жөніндегі ақпарат

- | | | | |
|---|--|--|--|
| A —Conformité Européene (CE) белгісі | E —Канадалық стандарттар қауымдастығының (CSA) энергия тиімділігі бойынша NRCan тексеру белгісі | G —Нормативтік талаптарға сәйкестік белгісі (RCM) Австралия/Жаңа Зеландия белгісі | J — Жеткізушінің патенті туралы ақпарат |
| B —Анықталатын UL құрамдас белгісі | F —Біріккен Корольдік сәйкестікті бағалау (UKCA) белгісі | H —Енуден қорғау стандарты | |
| C —Тек үй ішінде пайдалану | | I —Механик-жүргізуші нұсқаулығын оқу | |
| D —Калифорния аккумуляторлық батарея зарядтағышының (BC) белгісі | | | |

- Conformité Européene (CE) белгісі (A) өндіруші немесе импорттаушы тауардың еуропалық денсаулық сақтау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау стандарттарына сәйкестігін растайтынын білдіреді
- Анықталатын UL құрамдас белгісі (B) канадалық және АҚШ өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігін көрсетеді.
- Тек үй ішінде пайдалану (C) белгісі бірінші кезекте үй ішінде пайдалануға арналған электр жабдығын анықтауға арналған.
- Калифорния штатының батарея зарядтағышының (BC) белгісі (D) аккумуляторлық батарея зарядтағыштарының тұтынушылық емес электроника үшін Калифорния энергетикалық комиссиясының 20-бөліміне сәйкес реттелетінін көрсетеді.
- Сіздің өніміңіздегі Канадалық стандарттар қауымдастығының (CSA) белгісі (E) оның қолданыстағы Natural Resources Canada (NRCan) энергия тиімділігі стандарттарының талаптарына сәйкестігі үшін сыналғанын білдіреді.
- Біріккен Корольдік сәйкестікті бағалау (UKCA) белгісі (F) Ұлыбритания аумағында сатылатын өнімдерге қойылатын қолданыстағы талаптарға сәйкестігін көрсетеді.

7. Нормативтік талаптарға сәйкестік (RCM) белгісі (G) өнімнің Австралия/Жаңа Зеландия нарығына жеткізу үшін қауіпсіз екенін көрсетеді.
8. Енуден қорғау стандартын (H) IEC (Халықаралық электротехникалық комиссия) әзірледі. Ол корпусының шаңның немесе сұйықтықтың енуіне төзімділігін бағалайды. IP66 қорғаныс класы құрамдасының шаң өтпейтін және қуатты су ағындарынан қорғалғанын білдіреді.
9. Механик-жүргізуші нұсқаулығын оқу (I) жұмысты жалғастырмастан бұрын Механик-жүргізуші нұсқаулығымен немесе карточкамен танысу керектігін көрсетеді.
10. Жеткізушінің патенттік ақпараты (J) өндірушінің патенттік мәліметтерін қамтиды.

aytqu2e,1680349894213 -KK-04SEP25-3/2

Америка Құрама Штаттары — Пайдаланушыға арналған Федералды байланыс комиссиясының (FCC) ескертпелері

Бұл жабдық FCC ережелерінің 15-тарауына сәйкес сынақтан өткізілді және В класындағы цифрлық құрылғыға қойылатын шектеулерге сәйкес деп танылды. Бұл шектеулер үйде орнату кезінде қауіпті кедергілерден жеткілікті қорғанысты қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл жабдық радиожілігінің энергиясын тудырады, пайдаланады және тарата алады және нұсқауларға сай орнатылмаса немесе пайдаланылса, радио байланыстарына қауіпті кедергілерді тудыра алады. Дегенмен, кедергі белгілі орнатуда орын алмайтынына ешқандай кепіл жоқ. Егер бұл жабдық

оны өшіру және қосу арқылы анықтауға болатын радио не теледидар қабылдануына қауіпті кедергі тудырса, пайдаланушыға келесі шешімдердің бірі немесе бірнешесінің арқасында кедергіні түзетуге кеңес беріледі:

- Қабылдайтын антеннаны қайта бағыттау немесе қайта орналастыру.
- Жабдық пен қабылдағыш арасында бос аралықты арттыру.
- Жабдықты қабылдағыш қосылған желіден басқа розеткаға қосыңыз.
- Жергілікті John Deere дилеріне, мотордың дистрибьюторына, басқа қызмет көрсетушіге немесе білікті радио/теледидар маманына көмек алу үшін хабарласыңыз.

aytqu2e,1677138145314 -KK-30MAY25-1/1

Ұлыбритания сәйкестік декларациясы



JOHN DEERE

UK Declaration of Conformity

Deere & Company
Moline, Illinois USA

The undersigned hereby declares that:

Product RQ0700-Off Board Charger
Name:
Model(s): RQ0700-36-COMMD

fulfill(s) all relevant provisions and essential requirements of the following UK Regulations:

REGULATION	NUMBER	CERTIFICATION METHOD
The Electromagnetic Compatibility Regulations	S.I. 2016 / 1091	Schedule 2, Module A
The Electrical Equipment (Safety) Regulations	S.I. 2016/1101	Schedule 2
The Restriction of the Use of Certain Hazardous Substances in Electrical and Electronic Equipment Regulations	S.I. 2012 / 3032	Part 2, Section 12

The product is in conformity with the following standards and/or other normative documents:

EN IEC 55014-1:2021	EN-IEC63000:2018
EN IEC 61000-6-3:2021	EN 60335-1:2012+A2:2019
EN IEC 55014-2:2021	EN 60335-2-29:2021+A1:2021
EN IEC 61000-6-2:2019	IEC 60335-1:2010+C1+C2+A1+C1+A2:2016
EN 61000-3-2:2014	IEC 60335-2-29:2016+A1:2019
EN 61000-3-3:2013	Standard

Name and address of the person authorized to compile the technical construction file:

John Deere Ltd
Harby Road
Langar
Nottinghamshire
NG13 9HT
United Kingdom
EUConformity@JohnDeere.com

This declaration of conformity is issued under the sole responsibility of the manufacturer.

Place of Declaration: Moline, IL, USA
Date of Declaration: 26 February 2024

Signed:
Name:

Matt Potter

Manufacturing Unit: Deere & Company, Moline, IL 61265

Title: Head of Engineering –
Electrification Modules
and Advanced
Technology

Ag &Turf Products Importer: John Deere Ltd- Harby Road, Langar, Nottinghamshire, NG13 9HT, United Kingdom
Forestry Products Importer: John Deere Forestry Ltd- Carlisle Airport Industrial Estate, Carlisle, Cumbria, CA6 4NW, United Kingdom
Construction Importer: Wirtgen Limited, Wirtgen Group House, Overfield Park, Godfrey Drive, Newark, Notts. NG24 2UA, United Kingdom



Ұлыбритания сәйкестік декларациясы

aytqu2e,1695802014638 -KK-05SEP25-1/1

RG39946 —UN—04SEP25

EO сәйкестік туралы декларациясы



JOHN DEERE

EU Declaration of Conformity

Deere & Company
Moline, Illinois USA

The undersigned hereby declares that:

Product Name(s) RQ0700-Off Board Charger

Model(s): RQ0700-036-COMMD;

fulfill(s) all relevant provisions and essential requirements of the following directives:

DIRECTIVE	NUMBER	CERTIFICATION METHOD
Low Voltage Directive	2014/35/EU	Annex III of the Directive
Restriction of Hazardous Substances	2011/65/EU	Article 7 of the Directive
Electromagnetic Compatibility Directive	2014/30/EU	Annex II of the Directive

The product is in conformity with the following standards and/or other normative documents:

EN 60335-1:2012+A2:2019	EN IEC 55014-1:2021
EN60335-2-29:2021+A1:2021	EN IEC 61000-6-3:2021
IEC 60335-1:2010+C1+C2+A1+C1:2016	EN IEC 55014-2:2021
IEC60335-2-29:2016:A1:2019	EN IEC 61000-6-2:2019
EN-IEC 63000:2018	EN 61000-3-2:2014
	EN 61000-3-3:2013

Name and address of the person in the European Community authorized to compile the technical construction file:

John Deere Walldorf GmbH & Co. KG
Customer Support
Impexstraße 3
D-69190 Walldorf
EUConformity@JohnDeere.com

This declaration of conformity is issued under the sole responsibility of the manufacturer.

Place of Declaration: Moline, IL

Signed:

Date of Declaration: 30 April 2024

Name:

Manufacturing Unit: Deere & Company, Moline, IL 61265

Title:

Head of Engineering –
Electrification Modules and
Advanced Technology




EO сәйкестік туралы декларациясы

aytqu2e,1695802034844 -KK-05SEP25-1/1

RG39947 —UN—04SEP25

Өнім жапсырмасы туралы ақпарат



RG39838 —UN—04SEP25


Өнім жапсырманың орналасуы

A—Өнім жапсырманың орналасуы

Өнімнің жапсырмасында бөлшек нөмірі және электрлік сипаттамалары көрсетілген.

A—Бөлік нөмірі

B—Электрлік сипаттамасы




RG39579 —UN—09JUN25

Өнім белгісі

aytqu2e,1680334715781 -KK-04SEP25-1/1

Сериялық нөмір тақтасының ақпараты

Сериялық нөмір тақтасы (В) зарядтағыш корпусының сол жағында орналасқан.



RG39939 —UN—04SEP25

Сериялық нөмір тақтасының орналасуы

A—Сериялық нөмір
тақтасының орналасуы

Келесі бетте жалғасады


aytqu2e,1680360944004 -KK-04SEP25-1/2

Әрбір дербес зарядтағышта 5 таңбалы бірізді сәйкестендіру нөмірінен тұратын 16 таңбалы реттік нөмір болады.


A—Бөлік нөмірі
B—Сериялық нөмірі
C—Өнімнің ішкі тобының коды
D—Нұсқасы
E—Нұсқа

F—Шығарылған жылы
G—Шығарылған аптасы
H—Жеткізуші өндірісінің орналасқан жері
I— 5 таңбалы сериялық нөмір

RG569622 —UN—17SEP23



Сериялық нөмір тақтасының ақпараты



Сериялық нөмірді белгілеу

aytqu2e,1680360944004 -KK-04SEP25-2/2

RG569622 —UN—10MAR23

Сериялық нөмір туралы ақпаратты жазу

Төменде көрсетілген бос орындарға жапсырмада көрсетілген дербес зарядтағыштың сериялық нөмірін анықтап, жазыңыз.


Сериялық нөмірдің орналасқан жері туралы ақпаратты 20-бөлімдегі сериялық нөмір тақтасы туралы ақпарат бөлімінен қараңыз.

Бұл нөмір қосалқы бөлшектер немесе кепілдік ақпараты үшін маңызды.

Дербес зарядтағыштың сериялық нөмірі

aytqu2e,1680334723241 -KK-05APR23-1/1

Дербес зарядтағыш — Идентификация көрінісі




Дербес зарядтау құрылғысы

aytqu2e,1680350713646 -KK-04SEP25-1/1

RG38942 —UN—04SEP25

Дербес зарядтағыш — Орнату орны



Зарядтағыштың орналасуы — Қабырғаға және еденге орнатылған

A—Зарядтағыш
B—Айнымалы токтың қуат
сымы

C—Тұрақты токтың қуат сымы D—GFCI қуат розеткасы

aytqu2e,1680351462256 -KK-05APR23-1/1

RG37312 —UN—17SEP23

Дербес зарядтағыш — Жалпы жұмысы


Дербес зарядтағыш аккумуляторлық батареяны зарядтау үшін айнымалы токтың кіріс қуатын тұрақты токтың шығыс қуатына айналдырады. 700 Ватт дербес зарядтағыш аккумуляторлық батареяны 5-6 сағат ішінде 0 %-дан 100 % — ға дейін зарядтайды. Ол сондай-ақ басқа 12 В автомобиль жүйелері үшін 12 В қосалқы төмен қуат шығысын қамтамасыз етеді.

ЕСКЕРТУ: Көрсетілген тұрақты токтың қуат сымы тек танысуға арналған. Тұрақты токтың қуат сымының ұзындығы туралы ақпаратты 75-бөлімдегі дербес зарядтағыш құрамдасының техникалық сипаттамасынан қараңыз.

Дербес зарядтағыш (A) екі қуат сымынан, бір тұрақты токтың қуат сымынан және байланыс кабелінен (B) және айнымалы токтың қуат сымынан тұрады. Айнымалы токтың қуат сымы бір ұшымен зарядтағыштағы (A) айнымалы токтың қуат сымының коннекторына (D), ал екінші ұшымен қабырға розеткасына қосылады. Тұрақты токтың қуат және байланыс сымы (B) бір ұшынан зарядтағышқа (A), ал екінші жағынан аккумуляторлық батареяға қосылған.

Зарядтағыштан алынған деректер BMS (Аккумуляторлық батареяны басқару жүйесі) және VCU (көлік құралын басқару құралы) арқылы CAN шинасы арқылы тұрақты токтың қуат және байланыс сымы (B) арқылы беріледі. BMS жүйесі зарядтағыш үшін кернеу мен токтың шектелуін қамтамасыз етеді, ал зарядтағыш осы параметрлер негізінде шығыс қуатын реттейді. Зарядтау кезінде зарядтағыштың сигналы BMS жүйесін қосуға жіберіледі.

ЕСКЕРТУ: Зарядтағыш -40°C -тан 65°C -қа дейін (-40°F -тан 149°F -қа дейін) жұмыс істейді. Зарядтағыштың температурасы 40°C (104°F)



Дербес зарядтағыштың құрамдастары

A—Дербес зарядтау құрылғысы
B—Тұрақты ток және байланыс қуат сымы
C—Андерсон коннекторы

D—Айнымалы ток қуат сымының қосқышы
E—Артқы қабық

немесе -35°C (-31°F) төмен көтерілгенде, зарядтағыштың шығыс қуаты төмендейді. Зарядтағыш аккумуляторлық батарея жинағының зақымдалғанын анықтаған жағдайда шығыс қуатын да төмендетеді.

ЕСКЕРТУ: Егер қуат үзілсе, содан кейін қайта қосылса, зарядтағыш іске қосылады және пайдаланушыға қауіп төндірмей немесе аккумуляторлық батареяларға зақым келтірмей жұмысын жалғастырады.

aytqu2e,1677919635632 -KK-05MAR24-1/1


RG37231 —UN—01MAR24

Дербес зарядтағыш — Айнымалы токтың қуат сымы

ЕСКЕРТУ: Егер алынбалы айнымалы токтың кіріс қуатының сымы немесе тұрақты токтың шығыс сымы зақымдалған болса, зарядтағышты аймаққа және қолдану аймағына сәйкес келетін сым жинақтарына

ауыстырылғанша пайдаланбаңыз. Айнымалы токтың қуат сымының техникалық сипаттамалары 75-бөлімдегі дербес зарядтағыш құрамдасының техникалық сипаттамасынан қараңыз.

Айнымалы токтың қуат сымы — Еуропа




Айнымалы токтың қуат сымы — Еуропа

aytqu2e,1680599594840 -KK-10APR23-1/5

RG573718 —UN—16SEP24

Айнымалы токтың қуат сымы — Біріккен Корольдік




Айнымалы токтың қуат сымы — Біріккен Корольдік

Келесі бетте жалғасады

aytqu2e,1680599594840 -KK-10APR23-2/5

RG573719 —UN—16SEP24

Айнымалы тоқтың қуат сымы — Жапония




Айнымалы тоқтың қуат сымы — Жапония

aytqu2e,1680599594840 -KK-10APR23-3/5

RG573720 —UN—16SEP24

**Айнымалы тоқтың қуат сымы — Австралия/
Жаңа Зеландия**




Айнымалы тоқтың қуат сымы — Австралия/ Жаңа Зеландия

aytqu2e,1680599594840 -KK-10APR23-4/5

RG573721 —UN—16SEP24

Айнымалы тоқтың қуат сымы — АҚШ/Канада




Айнымалы тоқтың қуат сымы — АҚШ/Канада

aytqu2e,1680599594840 -KK-10APR23-5/5

RG573722 —UN—16SEP24

Дербес зарядтағыштың жарықдиодты көрсеткіштері

Дербес зарядтағышта қуат көзінің күйін, ақаулық режимін және зарядтау режимін көрсететін үш жарықдиоды бар.



RG39941—UN—04SEP25

Дербес зарядтағыштың жарықдиодты орны

**A—Дербес зарядтағыштың
жарықдиодты орны**

Келесі бетте жалғасады

aytqu2e,1677920173558 -KK-04SEP25-1/4


Көк жарықдиодты айнымалы токтың кіріс қуатын көрсетеді.



RG569607 —UN—17SEP23

aytqu2e,1677920173558 -KK-04SEP25-2/4

Жасыл жарықдиоды зарядтағыштың зарядтау режимінде екенін көрсетеді.




RG569608 —UN—17SEP23

Келесі бетте жалғасады

aytqu2e,1677920173558 -KK-04SEP25-3/4

Қызыл жарықдиоды зарядтағыштың ақаулық режимінде екенін көрсетеді.



RG569609 —UN—23JAN24

aytqu2e,1677920173558 -KK-04SEP25-4/4

Техникалық қызмет көрсету нұсқаулары

 **САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Электр тогының соғуынан болатын ауыр жарақаттың алдын алыңыз. Зарядтағыш коннекторларының оқшауланбаған жерлеріне қол тигізбеңіз.

 **САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Құрамдастардың өртенуіне және қызып кетуіне жол бермеңіз. Электр коннекторларының ластануы мен коррозиясынан аулақ болыңыз.

 **САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Электр тогының соғу қаупінің алдын алыңыз. Зарядтағышты ашуға немесе бөлшектеуге тырыспаңыз.

- Тексеру, тазалау, жылжыту немесе техникалық қызмет көрсету алдында әрқашан зарядтағышты қуат көзі қосылымдарынан ажыратыңыз.

- Зарядтағышпен жұмыс істегенде, сымды тартудың орнына әрқашан тұтқаны пайдаланыңыз.
- Қуат сымдары зақымдалған жағдайда жергілікті John Deere дилеріне, мотордың дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.
- Егер зарядтау құрылғысы АТ сымдардың жиынтығымен бірге келсе және қуат ашасы қуат розеткасына сәйкес келмесе, жергілікті John Deere дилеріне, мотордың дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге аймағыңыздағы жерге тұйықталатын розеткаға сәйкес келетін ашамен жабдықталған тиісті АТ сымдары жөнінде хабарласыңыз.
- Зарядтағыштың барлық коннекторларында коррозия мен ластану бар-жоғын тексеріңіз.
- Зарядтағышты (А) таза шүберекпен тазалаңыз.

aytqu2e,1677835357640 -KK-30MAY25-1/1

Дербес зарядтағыштың ақаулартарын жою

Белгі	Мәселе	Шешім
Аккумуляторлық батарея зарядталып, көк жарықдиоды ӨШІРІЛЕДІ.	Жарықдиодты ақаулық	Жергілікті John Deere дилеріне, мотор дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.
Аккумуляторлық батарея зарядталмайды, көк жарықдиоды ӨШІРІЛЕДІ.	Айнымалы ток қуаты қол жетімді емес	Желілік қуат көзін тексеріңіз. Айнымалы токтың қуат сымның бос қосылымдарын қабырға розеткасының ұшына да, зарядтағыштың айнымалы ток кірісіне де бекітіңіз.
Аккумуляторлық батарея зарядталып, жасыл жарықдиоды ӨШІРІЛЕДІ.	Жарықдиодты ақаулық	Жергілікті John Deere дилеріне, мотор дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.
Аккумуляторлық батарея зарядталмайды, жасыл жарықдиоды ӨШІРІЛЕДІ.	Аккумуляторлық батареяның кіріс коннекторындағы бос қосылымы	• Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағыштан ажыратыңыз. • Зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареядан ажыратыңыз. • 5 секунд күтіңіз және зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареяға қайта қосыңыз. • Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағышқа қайта қосыңыз. • Егер мәселе шешілмесе, жергілікті John Deere дилеріне, мотор дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.
Аккумуляторлық батарея зарядталмайды, қызыл жарықдиоды ҚОСУЛЫ.	Ақаулық режиміндегі зарядтағыш	• Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағыштан ажыратыңыз. • Зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареядан ажыратыңыз. • 5 секунд күтіңіз және зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареяға қайта қосыңыз. • Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағышқа қайта қосыңыз. • Егер мәселе шешілмесе, жергілікті John Deere дилеріне, мотор дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.
Аккумуляторлық батарея зарядталмайды және қызыл жарықдиоды бір немесе екі рет жыпылықтаған кезде ҚОСУЛЫ.	Аккумуляторлық батарея қатесі	Жергілікті John Deere дилеріне, мотор дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.
Аккумуляторлық батарея зарядталмайды және қызыл жарықдиоды үш рет жыпылықтаған кезде ҚОСУЛЫ.	Ішкі таймер қатесі	• Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағыштан ажыратыңыз. • Зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареядан ажыратыңыз. • 5 секунд күтіңіз және зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареяға қайта қосыңыз. • Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағышқа қайта қосыңыз. • Егер мәселе шешілмесе, жергілікті John Deere дилеріне, мотор дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.

Белгі	Мәселе	Шешім
Аккумуляторлық батарея зарядталмайды және қызыл жарықдиоды төрт рет жыпылықтаған кезде ҚОСУЛЫ.	Зарядтағыш қолданбасының үйлесімділік қатесі	• Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағыштан ажыратыңыз. • Зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареядан ажыратыңыз. • 5 секунд күтіңіз және зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареяға қайта қосыңыз. • Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағышқа қайта қосыңыз. • Егер мәселе шешілмесе, жергілікті John Deere дилеріне, мотор дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.
Аккумуляторлық батарея зарядталмайды және қызыл жарықдиоды бес рет жыпылықтаған кезде ҚОСУЛЫ.	CAN байланыс қатесі	• Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағыштан ажыратыңыз. • Зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареядан ажыратыңыз. • 5 секунд күтіңіз және зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареяға қайта қосыңыз. • Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағышқа қайта қосыңыз. • Егер мәселе шешілмесе, жергілікті John Deere дилеріне, мотор дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.
Аккумуляторлық батарея зарядталмайды және қызыл жарықдиоды жеті рет жыпылықтаған кезде ҚОСУЛЫ.	Аккумуляторлық батарея температурасы датчигінің қатесі	• Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағыштан ажыратыңыз. • Зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареядан ажыратыңыз. • 5 секунд күтіңіз және зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареяға қайта қосыңыз. • Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағышқа қайта қосыңыз. • Егер мәселе шешілмесе, жергілікті John Deere дилеріне, мотор дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.
Аккумуляторлық батарея зарядталмайды және қызыл жарықдиоды тоғыз рет жыпылықтаған кезде ҚОСУЛЫ.	Бағдарламалық жасақтаманың ішкі конфигурациясы қатесі	• Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағыштан ажыратыңыз. • Зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареядан ажыратыңыз. • 5 секунд күтіңіз және зарядтағыш коннекторын аккумуляторлық батареяға қайта қосыңыз. • Айнымалы токтың қуат көзін зарядтағышқа қайта қосыңыз. • Егер мәселе шешілмесе, жергілікті John Deere дилеріне, мотор дистрибьюторына немесе басқа қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.

aytqu2e,1695791430987 -KK-30MAY25-2/2

Дербес зарядтағыш құрамдасының техникалық сипаттамалары

Дербес зарядтағышының (RQ0700) техникалық сипаттамалары		
ЭЛЕМЕНТ	SI ӨЛШЕМ БІРЛІГІ	МӘН
Электр техникалық сипаттамалары		
Тұрақты токтың шығыс кернеуі	V	(28–60 В)
Тұрақты ток шығыс ағымы	A	19 A (700 Вт)
Айнымалы токтың кіріс кернеуі	V	(100 — 240) В
Айнымалы токтың кіріс жиілігі	Гц	(50-60) Гц
Айнымалы токтың кіріс ағымы	A	6,5 A (120 В АТ)
		3,2 A (240 В АТ)
12 В қосымша шығыс кернеуі	V	(12,7–13,7 В)
Тұрақты токтың шығыс сымының ұзындығы	м	3 м

Дербес зарядтағышының айнымалы ток қуат сымының техникалық сипаттамалары					
Айнымалы токтың кіріс кернеуі (В)	AWG нөмірі (американдық сым өлшегіш)	Диаметрі (мм)	Сым ұзындығы (м)	Шеткі коннектордың техникалық сипаттамалары (V, A)	Стандартты
100	16	1.291	2	100, 15	VCTF JIS C8303 IEC320 Ферритті шайбасы бар Жапония
120	16	1.291	2	125, 13	NEMA 5-15 IEC320 Ферритті шайбасы бар АҚШ
230	16	1.291	2	250, 10	GTSA-3 IEC320 AS/NZ феррит моншақпен, CEE7/7 - IEC320 Германия феррит моншақпен, H05VV-F BS6313 IEC320 UK феррит моншақпен

aytqu2e,1695791461887 -KK-26AUG25-1/1

Дербес зарядтағышының айнымалы токтың ұзартқыш қуат сымының техникалық сипаттамалары

Ұзартқыш сымға қойылатын талаптар:

Солтүстік Америкада және айнымалы ток кернеуі 120 В болатын басқа аймақтарда ұзартқыш сым сыртқы пайдалану үшін 3 сымға есептелуі керек және көрсетілген ең төменгі көрсеткішке сәйкес келуі керек:

Дербес зарядтағышының айнымалы токтың ұзартқыш қуат сымының техникалық сипаттамалары		
Сым ұзындығы (фут)	Сым ұзындығы (м)	AWG (американдық сым өлшегіш) сым өлшемі
25	7,6	16
50	15,2	16
100	30,5	12
150	45,6	10

Еуропада және 220-240 В айнымалы ток кернеуі бар басқа аймақтарда RQ0700 дербес зарядтағышына

арналған ұзартқыш сым 3 сыммен ашық болуы керек және кем дегенде 6 амперге есептелген

aytqu2e,1695791461887 -KK-04APR23-1/1

Кепілдік

Өнім кепілдігі

Кепілдік туралы ақпарат алу үшін машинаны немесе көлік құралының механик-жүргізуші нұсқаулығы бөлімін қараңыз.

aytqu2e,1681410262487 -KK-13APR23-1/1

